

# ***ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ***

***Орындаған: Көшербай Қ***

***Экл 15-1***

# *Жоспары*

- \*1. Қызылорда облысы*
- \*2. Географиялық жағдайы*
- \*3. Өнеркәсібі*
- \*4. Экологиялық жағдайы*
- \*5. Халық денсаулығы*
- \*6. Қоршаған ортаны қорғау*
- \*7. Қорытынды*

<b>Облыс орталығы</b>	<b><u>Қызылорда</u></b>
<b>Құрылған уақыты</b>	15 қаңтар 1938 жылы
<b>Аудандар саны</b>	7
<b>Тұрғыны</b>	753 231 адам (2015 жыл) 10-шы орын
<b>Тығыздығы</b>	3,39 адам/км <sup>2</sup> 14-ші орын
<b>Ұлттық құрамы</b>	қазақтар 95,89% орыстар 2,03% корейлер 1,04% татарлар 0,22% басқалары 0,82% (2015ж.)
<b>Жер аумағы</b>	4-ші орын
- Барлығы	226 076 км <sup>2</sup>
- Су беті	
<b>Экономикалық ауданы</b>	Оңтүстік Қазақстан
<b>Әкімі</b>	Қырымбек Көшербаев

## Халықтың саны мен тығыздығы

2008 жыл басындағы халық саны, мың адам  
Халық тығыздығы, 1 шаршы км-ге адам

- 0 - 2,3
- 2,3 - 4,1
- 4,1 - 5,1
- 5,1 - 7,1
- 7,1 - 19,9



Қазақстанда 14 облыс және 2 республикалық маңыздағы қала, 39 облыстық және 45 аудандық маңыздағы қалалар, 7178 ауыл бар. Облыстардың ішіндегі алып жатқан ауданына қарай ең ірісі Қарағанды облысы (428 мың шаршы км), ал ең кішісі – Солтүстік Қазақстан облысы (98 мың шаршы км).

- \* **Қызылорда облысы** — Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік.
- \* Облыс 1938 жылдың 15 қаңтар күні құрылған. Жер аумағы 226 мың км<sup>2</sup> (Қазақстан жерінің 8,3% -ы). Тұрғыны 689,7 мың адам, орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге шаққанда 3 адамнан келеді. (2010).
- \* Облыс орталығы - Қызылорда қаласы (кезінде Петровск және Ақмешіт деп аталған). Қала тұрғындары - 212 мың адам. Қызылорда қаласы 1925 жылдан Қазақ АКСР-ның астанасы болды, 1927 жылы астана мәртебесі Алматы қаласына ауысты.
- \* 1997 жылдың 17 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен қаланың орысша транскрипциясы Кзыл-Ордадан Қызылордаға, ал облыс аты Кзыл-Орда облысынан Қызылорда облысына өзгертілді.



*Қызылорда облысы елтаңбасы*



# *Қызылорда қаласының көрікті жерлері*



# Географиясы

- \* Облыс Арал теңізінің шығысында Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Аумақтың негізгі бөлігі Тұран ойпатында орналасқан (биіктігі 50-200 м.)
- \* облыстың батыс бөлігі Арал теңізімен шектеседі;
- \* оңтүстік-шығысы мен солтүстік-батысында Қаратаудың тау жоталары мен жазықтығы орналасқан;
- \* батысында – Қаракұм арал маңы құмдарының төбелері бар.
- \* Сырдарияның сол жақ жағалауында – Жаңадария мен Қуандария өзендерінің құрғақ арналары кесіп өтетін Қызылқұм топырағының төбелері мен кең жазықтығы, оң жақ жағалауында үстірттері (Егізқара, 288 м.), құм учаскелері (Арысқұм және өзгелері), сорға толы таяз шұңқырлар кездеседі. Солтүстігінде – құм төбелері массивтері (Кішкентай Барсұқ және Қаракұм топырағы) бар. Оңтүстік-шығыс бөлігінде Қызылорда облысының аумағына Қаратау тауының жоталары кіреді (биіктігі 1419 м-ге дейін).





# Климаты

- \* Климаттың континенталдығы көптеген метеорологиялық элементтердің тәуліктік, айлық және жылдық өзгеруімен байқалады. Жазы ыстық және ұзақ мерзімді. Бұл кезеңде температурадағы күрт өзгеру сипаты байқалмайды. Кейбір жерлерде шілде айының орташа температурасы 36-39 0С. Облыс аумағының басым бөлігінде температураның абсолютты максимумы 44-48 0С кұрайды. Қыс мезгілінде облыстың солтүстік және оңтүстік аймақтарының арасында температурада айтарлықтай айырмашылықтары бар. Мысалы, ең салқын ай - қаңтардағы орташа температура - 35 -360 С градусты кұрайды.
- \* Солтүстікке ашықтылық қасиеті облыс аумағына кедергісіз салқын ауа массасының енуіне мүмкіндік береді және нәтижесінде қыс айларында күрт салқындайды. Ауа температурасының абсолютты минимумы 420 С градусқа дейін жетеді.
- \* Құрғақшылық – облыс климатының ерекшелектерінің бірі. Жауын-шашын өте аз жауады. Орташа жылдық мөлшері 100-190 мм аспайды және жыл маусымдарында оның түсімі біркелкі емес: барлық жауын-шашынның 60 пайызы көктемгі-қысқы кезеңдерге тиесілі. Жауын-шашынның орташа мөлшері 100-115 мм. Арал теңізінің тартылуынан, Байқоңыр ғарыш алаңы тарататын улы заттары және экологиялық ортаның нашарлауына байланысты қышқыл жауын-шашын жауатын болды.



«Өңірде мұнай-газ компаниялары жүйе құраушы кәсіпорын болып табылады. Біздегі 12 мұнай және 29 мұнай сервистік кәсіпорында 13,4 мың адам жұмыс істейді. Бүгінде мұнай және мұнай өнімдері үлкен көлемде экспортқа шикізат күйінде шығарылуда, есесіне дайын мұнай өнімдері мен химиялық өнімдер импорты жыл сайын өсіп келеді

. Қаратау сілеміндегі қорғасын мен мырыштың бай қоры негізінде Шалқия кеніші жұмыс істей бастады. Кенішке темір жол тармағы тартылды. 1992 жылдан бері Құмкөл кен орнынан сапасы жоғары мұнай өндіріле бастады. Уран кенінің (Қарамұрын) өндірістік қуаты жылына 700 т-ға жеткізілді. Емдік қасиеті бар балшық, шипалы минерал судың көздері пайдаланылады; «Жаңақорған» бальнеологиялық курорты жұмыс істейді.

. Республикадағы бірегей целюлоза-қатырма қағаз комбинаты, күріш машиналарын шығаратын «Қызылордакүрішмаш» АҚ, Құрылыс материалдары мен құрылымдары комбинаты, Эксперименттік механика және тәжірибелік жөндеу-механика зауыттары, тоқылмайтын маталар, аяқ-киім фабрикалары, Аралтұз комбинаты облыс экономикасын дамытуда елеулі орын алды.

. Қызылорда астық өнімдері, ет, сүт өнімдері комбинаттары, «Береке-нан», «Балық», «Жайна», «Ісмер», «Қуат» АҚ-дары жұмыс істейді. Аграрлық секторда Қызылорда облысында республикада жиналатын күріштің 70%-ы, бақша өнімдерінің 20%-ы, қаракөл елтірісінің біршама бөлігі өндіріледі. Жеке шаруашылықтар, серіктестіктер мен ұжымдық бірлестіктер облыстағы 8 млн. га суармалы алқапқа егін егеді. Ауылдарда ет және сүт өңдеу шағын зауыттары жұмыс істейді.

\* **Құмкөл**– Қазақстанның Қызылорда облысындағы мұнай-газ кен орны. Тұран мұнайлы-газды аймағына қарайды. 1984 жылы ақпанда ашылды. Қызылорда қаласынан солтүстікке қарай 150–170 км жерде орналасқан.

\* Көмірсутек кені 0,9 – 1,4 км тереңдікте. Ұңғымалардың алғашқы дебиті 20 – 130 т/сөт. Мұнай тығыздығы 812–819 кг/м<sup>3</sup>, күкірттің мөлшері 0,11 – 0,52 %, парафиндер 10,8-11,5 %, асфальтендер 0,11-0,92 %, қарамайлар 4,8-8,42 %.

\* Мұнайдың алғашқы қорлары– 280 млн тонна. Құмкөл мұнайының шығарындылар қоры 130 млн тоннаны құрайды; газ – 15 млрд м<sup>3</sup>.

\* 2000 жылдардың басында мұнайды кен орнынан Жосалы кентіне жақын маңдағы сұйықтық таситын темір жол терминалына жеткізетін ұзындығы 170 км болатын «Арысқұм – Жосалы» мұнай құбыры салынды.

\* 2010 жылдың қазан айында 1989 жылдан бері салынып жатқан (үзіліспен) Қызылорда – Құмкөл автомобиль жолы құрылысы аяқталды. Құрылыстың жалпы құны шамамен 5 млрд теңге.

\* Құмкөлді екі мұнай компаниясы өндіреді: солтүстігінде «Торғай Петролеум» АҚ (Лукойл мен PetroKazakhstan біріккен компаниясы – әрқайсысы 50%-дан) және оңтүстігінде ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз (ҚазМұнайГаз мен PetroKazakhstan бірлескен компаниясы, сәйкесінше 33 % және 67 %). 2008 жылы мұнай өндіру 5,8 млн тоннаны құрады.

\* Құмкөл мұнайын Құмкөл-Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры арқылы Қытайға


## *Уран өндіру*

- \* Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында Кейден дейтін ауыл бар. Аядай болғанымен, тұтас экономикаға тырбанып үлес қосып жатыр. Мұндағы индустриалды жоба – аймақтағы кен орындарына күкірт қышқылын дайындайтын СКЗ-У зауыты. Біздің мемлекеттің биылғы межесі – уран өндірісінің көлемін 20 мың тоннаға жеткізу. Бұған Сыр өңірінің қосар үлесі мол. Өйткені, Шиелі және Жаңақорған аудандарында «Қазатомөнеркәсіптің» №6 кен басқармасы, «Байкен-У» және «Қызылқұм» серіктестіктері уран өндірумен айналысады.
- \* Қарамұрын жотасынан өндірілетін уранға қажетті қышқылды осы Кейден ауылындағы зауыт тауып береді. Бір сөзбен айтар болсақ, уран өндірісінде аса қажетті күкірт қышқылын сырттан тасымаймыз, өзіміз өндіреміз. Келешекте зауыт күкірт қышқылынан өзге ауыл шаруашылығына қажетті минералды тыңайтқыштарды өндіру арқылы өз мүмкіндігін кеңейтпек.
- \* «СКЗ-У» күкірт қышқыл зауытының былтырғы жылы бекітілген жылдық жоспары 453 мың тонна екен. Олар межелі өнімді мезгілінен бұрын орындап шыққан. Сондай-ақ, қосымша 72 МгВТ электр энергиясын өндірсе, оның 37 МгВТ-ы Жаңақорған ауданының игілігіне жұмсалды.





*Жаңақорған ауданындағы «СКЗ-У» күкірт қышқыл зауыты*



*Құмкөл–Қызылорда облысындағы мұнай-газ кен орны*

# 2014 жылдағы Қызылорда облысының жер қоры

24041,4 мың га.



Өнеркәсіп, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер 154,4 мың га



Су қорының жері 2239,8 мың га





# МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚР АШМ 2016 ЖЫЛДЫҢ  
9 АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

## Ауыл шаруашылығы малының саны



**2 269,7**

мың бас

Өсім  
**+6,4%**



**6 831,2**

мың бас

Өсім  
**+2,7%**



**20 719,2**

мың бас

Өсім  
**+0,8%**

## Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндiрiсi



**3,3%**  
сүт

4 288,6 мың тонна



**3,2%**  
ет

651,5 мың тонна




**0,9%**  
жұмыртқа

3 601,3 мың тонна






АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ДАҚЫДАРЫНЫҢ ӨНІМІ мың га



ЕГІН ЖИНАУҒА ҚАТЫСҚАН АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ САНЫ




ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ  
2015 жыл – 1385,0 млн.тенге

- » Екі құрш ақтау зауыты;
- » ЖАН АРАЙ-ЖЕМ құрама жем өндіру зауыты;
- » 3000 басқа арналан МҚ бордоңғалау алаңы;
- » Талшықтан суару өдісімен 300га картоп өсі;

### Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы саласы бойынша 2015 жылға даму көрсеткіштері

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА  
АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ  
ОРЫНДАТУ ПАЙЫЗЫ



МАЛ БАСЫНЫҢ ӨСІМІ (бас)



МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ  
ӨНІМ КӨРСЕТКІШТЕРІ



## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШІ

қаңтар – қыркүйек 2016 жыл

8,7 млрд. ₸

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

3344,2 млн. ₸

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

327,1 млн. ₸

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДІҢ ІШТІГІ КАПИТАЛҒА САТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



3601,7 ₸

439,8 • ҚҰРШ

5,0 • МАЙЛАУ ДАҚЫДАРЫ

73,4 • КАРТОП

96,7 • КӨКӨНІС

151,5 • БАШПА ДАҚЫДАРЫ



98,6



39,8



104,9



669,3



279,1



- \* Облыс аумағында адам ағзасына қажетті тұздары бар минералды су көздері табылған. Мұндай сулар Жаңақорған ауданында мол кездеседі Олар адам терісіне шыққан жаралардың тез жазылуына, асқазан-бүйрек жолдарын тазартуда т.б. ауруларды емдеуде қолданылады.
- \* Облыс орталығында Қызылорда қаласының өнеркәсіп өнімінің көлемі жылдан-жылға артып келеді. Өңдеуші өнеркәсіп саласында жаңадан өндірістер ашылып, тоқтап қалған кәсіпорындар іске қосылды. Тамақ өнеркәсібі саласында «Томирис ЛТД» ЖШС (күріш ақтау зауыты), «Виктория» БК (шұжық цехы), «Шапағат сүт» ЖШС (сүт зауыты), «Бастау и К» ТС (консерві цехы) жаңадан ашылып, өнімдерін өңдеуді жүзеге асыруда.
- \* Жұмысы қайта жанданған «Қызылорда-рисмаш» АҚ, «Еңбек Қызылорда» РМК-ның кірпіш зауыты, «Еңбек» АҚ, «Құрылыс» АҚҚ-дары ауыл шаруашылығына шөп дестелегіш, ауыл шаруашылығы машиналарының бөлшектерін және құрылыс материалдарын шығарады. Сондай-ақ, «Қызылордаагрореммаш» АҚ, «Техоснастка» ЖШС, «РМЗ-Шапағат» ЖАҚ-тары металл құрылымдарын даярлауда.

2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2016 жыл қаңтар- маусым айлары	2017 жыл қаңтар- маусым айлары
9 907,6	8 962,6	7 666,0	3 933,9	3 429,7
мың тонна	мың тонна	мың тонна	мың тонна	мың тонна



# Экологиясы

Экологиялық апат аймағында отырған ел, ең алдымен, ауыз су тапшылғынм көріп отыр. Теңізбен қоса, Арал төңірегіндегі жергілікті тұрғындарды да құтқару керек. Өйткені, елді мекендердің тек 15-20 пайызы ғана таза су ішіп отыр, ал қалған тұрғындар мемлекеттік стандартқа мүлдем қайшы келетін ауыз суды пайдалануда. Соның өзінде, ауылдық жерде, су бір адамға бір шелектен келеді. Ал, өркениетті елдерде, оның шамасы 200-400 литрге жетіп отыр. Мұның өзі түрлі жұқпалы аурулардың өршуіне, өңір халқының денсаулығына кері әсерін тигізуде. Олар, бір жағынан Арал теңізінен көтерілген тұзды тозаңның астында жатса, екінші жағынан Байқоңыр ғарыш аймағының қасіретін бастан өткізуде. Соның салдарынан, тұрғындар арасында жүрек, өкпе, қан қысымы, бүйрек, бауыр және басқа қауіпті аурулардың көрсеткіші республикадан да жоғары болып тұр. Мысалы, Арал аймағы орналасқан Қызылорда облысы көлемінде бір ғана туберкулез ауруымен науқастанған адамдардың жалпы саны 19,5 мың. Осыған байланысты, кейінге ысыруға болмайтын нақты шара - осы өңірдің тұрғындарының хал-ахуалын жақсарту, жер асты суларын кеңінен пайдалану арқылы тұщы ауыз су жіберу, су құбырлары құрылысын жүргізу, "Көкарал" бөгеті құрылысын аяқтап, Кіші Аралды сумен толтыру.

Теңіздің тартылуы салдарынан, ауаның орташа ылғалдығы 18 пайызға төмендесе, ауа райының жылы кезеңі бір айға дейін қысқарады. Бұл өлкедегі бұрынғы 3000-дай көлден қазіргі таңда 85-і қалды. Аралдықтардың қазіргі жоспары Кіші теңізді суға толтырып, оны бұрынғы қалпына келтіру. "Көкарал" бөгетінің құрылыс жұмыстарын аяқтау. Егер "Көкарал" бөгеті болмаса, Сырдария суы Үлкен теңіз тереңдіктеріне алып барып, үлкен айдынға жайылып, бостан-босқа буланып, ауаға ұшатын еді. Кіші теңіз тола бастағаннан бері, оның табиғи байлықтары да көбейе бастады. Оның болашағы баянды болу үшін, Кіші теңізге Сырдарияның суын көбірек жеткізу мәселесін түбегейлі шешу қажет.



**Арал экологиясы** – шөлейт аудандарда суды көп қажет ететін өндірістерді орналастырудағы стратегиялық қателіктердің нәтижесінде пайда болған экологиялық жағдай. 1961 жылға дейін Арал теңізінің көп жылдық орташа деңгейі 53 абс. м, орташа аумағы 66,1 км<sup>2</sup>, көл. 1062 км<sup>3</sup> болған. Өзендердің теңізге құйылу мөлшерінің кемуі, теңіздің су деңгейінің азаюына, оның 2-ге бөлінуіне әкеп соқтырды. Енді ол Үлкен Арал және Кіші Арал болып аталады (1992 ж.). Экол. жағдайдың аэротүсіру арқылы алынған суретін талдау нәтижесінде жыл сайын 40 км<sup>3</sup> су тиімсіз шығынданатыны белгілі болды. «Арал-2006» бағдарламасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының мәліметтері бойынша өсімдіктердің өсіп-өнуі кезінде пайдаланылған судың мөлшері (брутто) суғарылу мөлшерімен (нетто) салыстырғанда 1,5 – 2 есе көп екені анықталды. Жыл сайын Әмудария су алқабында суғарылатын егістік жерден 11 – 15 км<sup>3</sup> су, ал Сырдария су алқабынан 8 – 11 км<sup>3</sup> су буланып, жылдан-жылға қоршаған ортаға зиянын тигізуде. Өсімдіктердің бағалы түрлерін арамшөптер басуда. «Қызыл кітапқа» енгізілген 70-тен астам жергілікті өсімдіктер сирек кездесетін өсімдіктердің қатарына жатады және олардың болашақта мүлдем жойылып кету қаупі бар. Табиғи ортаның азып-тозуы жергілікті халықтың денсаулығына да зардабын тигізіп отыр. Тұрғындар пестицидтерден, т.б. химикаттардан түрлі улы тыңайтқыштар мен тұздан тазартылмаған сапасы төмен суды пайдалануда. Соның нәтижесінде бұл аймақта рак ауруы, баланың өлі тууы, генетик. ауытқулар, сүзек, сары ауру және жүрек қан тамырлары аурулары көбеюде. Арал т. мен Әмудария және Сырдария өзендерінде 1963 жылға дейін жылына 25 – 45 мың т балық ауланса, 1970 ж. бұл көрсеткіш 15 мың т, ал 1982 ж. су тұздылығының 12%-дан 40%-ға дейін өсуіне байланысты балық мүлдем ауланбады. 1994 ж. Орта Азия мемлекеттері «Аралды құтқару» қорын ұйымдастырды. Қазақстанның «Байқоңыр» аэроғарыштық экол. орталығының басшылығымен алғаш рет «Арал өңірінің экологиялық картасы» жасалды (1993).

- \* Байқоңыр – ғарыш алаңы. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, факторлары ескерілді. «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан аймақтың басты экологиялық мәселесі – Арал теңізі деңгейінің төмендеуі және жердің тұзданып құрғақшылыққа айналу процесі. Сондықтан, ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға қосымша кері әсерін тигізуде.
- \* Соңғы 30 жылдың көлемінде осы салаға қатысты мамандар химиялық жанармай мен жұмыс істейтін зымыран двигательдерінен бөлінетін қалдықтардың атмосфераның төменгі қабатына ауқымды масштабта зиянды әсерінің жоқтығын дәлелдесе, 40 жылдан бері жинақталған мәліметтерге қарағанда олардың зиянды әсерлерін анық көруге болады.
- \* Ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға мынадай кері әсерін тигізеді:
  - \* – ұшу процессінен кейін, атмосфераның табиғи режимі бұзылады;
  - \* – атмосфераны және жер беті қабаттарын токсинді зымыран жанармайының қалдықтарымен ластайды;
  - \* – атмосфераның озон қабатын бұзады;
  - \* – территорияларды ұшу аппараттарының қалдықтарымен, сынықтарымен зақымдайды;
  - \* – қышқылды жаңбырдың жаууына себепші болады;
  - \* – ауқымды масштабта температураның жоғарылауына әсерін тигізеді.



*Арал теңизи*



*Байқоңыр ғарыш аймағы*



# Қоршаған ортаны қорғау


- \* Облыс әкімінің өкімімен жыл сайынғы қалыптасқан дәстүр бойынша үстіміздегі жылдың 11 наурызы мен 10 мамыры аралығында көктемгі көркейту, көгалдандыру және тазалық айлығы жарияланды.
- \* Сондай-ақ, көркейту - көгалдандыру жұмыстары барысының қажеттілігіне сәйкес маусымдық кезең қосымша тағы екі айға ұзартылды.
- \* Маусымдық кезеңде ұйымдастырылған сенбіліктерге жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік мекемелер қатысып, апта сайын барлығы 40 мыңнан астам адам күші мен 400-ге жуық техника жұмылдырылды.
- \* Қала және аудан әкімдіктерінің мәліметіне сәйкес, сенбіліктер нәтижесінде полигондарға 72,8 мың текше метрден астам қоқыстар мен қалдықтар шығарылса,
- \* 270 шақырымға жуық арықтар мен аяқ су жолдары тазаланып, 128 мыңнан астам ағаш көшеттері отырғызылды. Облыс тұрғындарының 55,24 % тұрмыстық қатты қалдықтарын тасымалдау қызметімен қамтамасыз етілген. Облыс бойынша қалдықтарды уақытша сақтайтын 4300-ден астам контейнерлер бар.
- \* Бұл жоба 2013 жылы «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында грант бағыты бойынша қаржыландырылған. Жобаға мемлекеттік көмек ретінде Қызылорда қаласындағы өндірістік аймаққа бөлінген жер телімінен 0,5 га жер телімі берілген.
- \* Қазіргі таңда мөлтек аудандарда орналасқан көпқабатты үйлердің ауласында арнайы контейнерлерден тұрғындардың істен шыққан, құрамында сынабы бар электрүнемдеуші 26466 дана шамдар жиналып залалсыздандырылды.
- \* Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының аясында Қызылорда қаласы аумағында тұрғындардан құрамында сынабы бар электрүнемдегіш шамдарды жинау үшін арнайы 24 дана контейнер орнатылды.

Елді-мекен атауы	Жұмылдырылған адам күші( <i>адам</i> )	Жұмылдырылған техника саны ( <i>дана</i> )	Шығарылған қоқыс көлемі ( <i>мың текше метр</i> )
Арал	3087	53	6,1
Қазалы	3826	51	6,3
Қармақшы	3457	57	6,2
Жалағаш	3300	43	5,1
Сырдария	3750	47	4,2
Шиелі	4100	40	3,3
Жаңақорған	3820	42	4,1
Қызылорда	14860	67	13
<b>Барлығы</b>	<b>40200</b>	<b>400</b>	<b>48,3</b> <i>Орта есеппен</i> <i>193 мың тонна</i>

№	Аталуы	Қалдықтардың түрі	Қалдықтарды қайта өңдеу әдісі	Қайта өңделген қалдықтарды қолдануы
1	«Эко Сервис» ЖШС	Майланған топырақ Нефте шлам	Био химиялық компастау. Ыстық сумен жуу. Узг -1 М қондырғысы	Карьерді қайта қалпына келтіруге пайдаланған
3	«Кен Дор» ЖШС	Майланған топырақ	Узг -1 М	Карьерді қайта қалпына келтіруге және ішкі өндірістік жолдарған пайдаланған
4	«КТСС» ЖШС	Бұрғылау шламы Бұрғылау ертіндісі	Кептіру әдісімен	Карьерді қайта қалпына келтіруге және ішкі өндірістік жолдарған пайдаланған
5	«Ибрайхан и К ЛТД» ЖШС	Майланған топырақ	Биохимиялық компостау	ТҚҚ – тар Полигонының ішкі жолдарына пайдаланды

# Халық денсаулығы

\* Қызылорда облысы тұрғындарының денсаулық көрсеткіштері әлеуметтік-экологиялық жағдайлармен тығыз байланысты. Халықтың жалпы ауруға шалдығуы 100 мың адамға 64016,1 адамнан келеді екен, ішек инфекцияларымен 5547 адам ауырады. Республика халқы бойынша ішек ауруларына шалдығушылардың 40 -ы Қызылорда облысының үлесіне тиеді. Бұл өз кезегінде ауыз су мәселесінің әлі шешілмегенімен түсіндіріледі. Ішек инфекцияларымен 18 және одан жоғары жастағылар көп ауырады . Ішек инфекцияларымен 2012 жылдары 14 жасқа дейінгілердің ауруы — 8631, 15–17 жас аралығындағылар — 549, 18 жас және одан жоғары — 6897; 2013 жылы 14 жасқа дейінгілердің ауруы — 9037, 15–17 жас аралығындағылар — 620, 18 жас және одан жоғары — 5443; 2014 жылы 14 жасқа дейінгілердің ауруы — 7238, 15–17 жас аралығындағылар — 734, 18 жас және одан жоғары — 5518





# Қызылорда облысы халқының денсаулығы

## Ана өлімі



## Туу көрсеткіштері



## Сәбилер шетінеу көрсеткіші



Туберкулезден өлім жітім көрсеткіші



Қан айналым жүйесі ауруларының өлім көрсеткіші



Онкологиялық аурулар



Туберкулезбен аурушаңдық көрсеткіші



Қан айналым жүйесі ауруларымен аурушаңдық көрсеткіші



Жалпы аурулар



Қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші



Жалпы өлім көрсеткіші

# Демографиясы

2013 жылдың 1 сәуіріне қызылордалықтардың жалпы саны (алдын-ала деректер бойынша) – 730,3 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтардың саны – 311,3 мың адам және ауылдықтардың саны – 419,0 мың адамды құрады. Қалалық тұрғындар үлесіне 42,6 пайызы, ауылдықтар үлесіне – 57,4 пайызы тиесілі. 2013 жылдың қаңтар-наурыз айында Қызылорда облысында туылғандар саны 4890 адамды болса, бұл 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 400 адамға азайып, жалпы халықтың туу коэффициенті 1000 тұрғынға есептегенде 29,52–ден 27,02–ге азайған. 2013 жылдың қаңтар-наурыз айында облыста өлім көрсеткіші 1098 адамды құрап, 80 адамға азайды (2012 жылдың қаңтар-наурыз айында 1178 адам), ал жалпы өлім көрсеткішінің коэффициенті әрбір 1000 тұрғынға шаққанда 6,57-ден 6,07-ге азайған. Тұрғындар арасындағы өлім себептерінің негізгі топтарының басым үлес салмағын қан айналымы жүйесінің аурулары алады (35,3%).

1970	1979	1989	1999	2003	2004	2005	2006	2007
491 780	566 365	651 323	596 215	603 804	607 491	612 048	618 249	625 070

2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
632 234	677 732	689 008	700 502	712 878	726 781	739 776	753 148

# Қорытынды

- \* 1. Қызылорда облысы- Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік. Облыс 1938 жылдың 15 қаңтар күні құрылған
- \* 2. Географиялық жағдайы- Облыс Арал теңізінің шығысында Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Аумақтың негізгі бөлігі Тұран ойпатында орналасқан (биіктігі 50-200 м.)
- \* 3. Өнеркәсібі- «Өңірде мұнай-газ компаниялары жүйе құраушы кәсіпорын болып табылады. Біздегі 12 мұнай және 29 мұнай сервистік кәсіпорында 13,4 мың адам жұмыс істейді
- \* 4. Экологиялық жағдайы- негізгі экологиялық жағдайы Арал теңізімен Байқоңыр ғарыш айлағы
- \* 5. Халық денсаулығы- . Халықтың жалпы ауруға шалдығуы 100 мың адамға 64016,1 адамнан келеді екен, ішек инфекцияларымен 5547 адам.



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!***